Анонс!

2-БЕТ

ЖАҢА АУДАННЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМЫ

«ШАҢЫРАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

4-БЕТ

www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№21 /sársenbi/ 24 mamyr



# ШЫМКЕНТ ПЕН СИАНЬ
## БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАР АТАНДЫ

Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрагасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді.

Сапардың екінші күні Мемлекет басшысы қазақ-қытай инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты. Президент өз сөзінде дөңгелек үстелге қатысушыларга ілтипат білдіре отырып, әлемдегі күрделі экономикалық жагдайга қарамастан, Қазақстан мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мұнай-газ саласы талай жылдан бері табысты әріптестіктің негізі болып келеді.

— Біз мұнай экспортын көбейту үшін «Қазақстан — Қытай» мұнай құбырын кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Қолданыстагы құбырлардың (ягни, «Атырау-Кеңқияқ» және «Кеңқияқ-Құмкөл») мұнай тасымалдау мүмкіндігін арттыру да өзекті мәселе. Қазір мұнай өнімдерін тұтыну көлемі артып келеді. Сондықтан Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік әлеуетін жылына 6-дан 12 миллион тоннага жеткізу көзделген. Біз бұл салада көптен бері CNPC-мен бірге табысты жұмыс істеп жатырмыз. Қазақстан үшін газ өңдеу қуатын арттыру және газ тасымалдау жүйесін кеңейту басым бағыттың бірі саналады. Осы ретте «Бейнеу — Бозой — Шымкент» магистральді мұнай құбырының екінші желісін салу өте маңызды. Сондай-ақ Қашаган кен орнында жылына 4 миллиард текшеметр газ өңдейтін зауыт салуга мүдделіміз, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев JD.com электронды коммерция алаңында Қазақстанның ұлттық павильонын салтанатты түрде ашу рәсімінде сөйлеген сөзінде бизнесті онлайн-кеңістік арқылы жүргізу әлем экономикасының маңызды бағытына айналғанын айтты. Салтанатты түрде ашу рәсімінде сөйлеген сөзінде бизнесті онлайн-кеңістік арқылы жүргізу әлем экономикасының маңызды бағытына айналғанын айтты.

Сондай-ақ, Президент Қытай компанияларының басшыларымен бірқатар кездесу өткізді.

Сапардың екінші күні кешқұрым Сиань қаласындағы Лотос саябағында «Орталық Азия — Қытай» саммитіне қатысушы мемлекеттер басшыларын ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Сарай алдындағы алаңда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, збекстан Президенті Шавкат Мирзиёев театрландырылған қойылымды тамашалады.

Ал үшінші ең негізгі күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші «Орталық Азия — Қытай» саммитіне қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде алғашқы «Орталық Азия — Қытай саммиті» — өте маңызды тарихи оқиға екенін атап өтті. Президент іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты.

Жалғасы 4-ші бетте

# ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ МАХМҰД САБЫРХАНҒА ПӘТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

Ташкент қаласында өткен әлем чемпионатында көк туды көкте желбіреткен Махмұд Сабырхан өткен аптада Шымкентке оралды. Төрткүл дүние көз тіккен әлемдік додада топ жарған былғары қолғап шеберін Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Мақсұт Исахов, жастар мен спортшының туған-туыстары, жанкүйерлері әуежайдан күтіп алды. Бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының намысын қорғаған Махмұд Сабырханды ауа-райының қолайсыздығына қарамастан жанкүйерлері ерекше құрметпен қарсы алды. Ел мақтанышын күтіп алу салтанатына қала әкімінің орынбасары чемпионға құрмет көрсетіп, жеңісімен құттықтады.

-Қазақстанның әнұраны,көк туы осындай батыр жігіттер чемпион болған кезде көкке көтеріледі. Жеңісті сәттер жастарды жігерлендіреді. Ата-анасымен бірге бүкіл жанкүйер қосыла күтіп алғаны спортшыға күш-жігер береді деп ойлаймын. Алдағы олимпиадаларда да бағы жанып, Махмұд тек жеңіспен орала берсін. Соған бәріміз тілекші болайық,- деді Мақсұт Пернебайұлы

Шымкент қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б.Тұманбаев әлем чемпионатында бокстан Қазақстан ұлттық құрамасы өте үздік өнер көрсеткенін және алдағы Азия ойындарында Махмұд Сабырханнан үміті мол екенін айта өтті.

Қоржынға алтын олжа салған спортшы жарыс жолында қарсыластарының барлығын артқа тастап, ақтық сында Өзбекстандық спортшыны рингте 2 рет нагдаунга жіберіп, айқын басымдылықпен жеңді. Еске сала кетсек, осыдан 2 жыл бұрынғы Белград төріндегі чемпионатта күміс жүлдемен оралып, көз жасына ерік берген жерлесіміз келесі жаһан біріншілігінде аянып қалмаймын деп сөз беріп еді. Уәдесінде тұрды.




- Аллаға Шүкір, міне еліме Әлем чемпионы болып оралып отырмын. Өте қуаныштымын. Жарыстан алған әсерім керемет. Бұл жеңісті мені шынайы қолдаған бүкіл Қазақ еліне арнаймын,- деді Әлем чемпионы

Ең азулы деген былғары қолғап шеберлері қатысқан биылғы Әлем чемпионаты аса тартысты өтті. Махмұд жаһандық доданың айқас алаңында өзінің талантын әлемге паш етті. Ташкенттегі жекпе-жектің шешуші кезеңінде жерлесіміз Өзбекстандық боксшы Ойбек Жураевқа жеңіске жетуге еш мүмкіндік бермей, қарсыласын тізе бүктірді. Сондай-ақ, бұл жеңіс - жеке бапкері Ілияс Оралбековтың қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Айта кетейік, құрама қоржынына екінші алтынды салған спортшы мен оның жеке жаттықтырушысын қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы құттықтап, алдағы Азия және Олимпиада ойындарына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Әлемдік аренада еліміздің абыройын асқақтатып, туымызды желбіреткен спортшыға 2 бөлмелі пәтер, ал жеке бапкеріне 5 млн теңгенің сертификатын табыстады.

Сондай-ақ, 54 келідегі салмақта қарсыластарын жұдырығымен бағындырған дарабозбен тілдескен едік. Сол сұхбатымызды сіздерге ұсынамыз:

***- Махмұд, жалпы әлемнің чемпионы бұл расында да қазақтың талай мен деген азаматтарының рухын көтерді. Әсіресе, әнұранымызды шырқаған кезде көзіне жас алмаған жандардың қатары кемде-кем. Тіпті спортшылардың өзі жылап жатты. Сіздің чемпион болған кезіңіздегі, дәл осы медальді таққан кездегі сезіміңіз қалай болды?***

- Иә, біз бұл әлем чемпионатына қанша уақыт дайындалдық. Естеріңізде болса, мен 2021 жылы Сербияда өткен Әлем чемпионатында күміс жүлдемен келген едім. Неге алтын болмай қалды екен деп кішкене өкінген болатынмын. Алла қаласа осы күмісті алтын жүлдеге айырбастаймын деп уәде беріп, мақсат қылдым. Сол жылдан бастап еңбек еттім, міне маңдай терім ақталғанына қуаныштымын. Әлем чемпионатындағы сәтке келер болсақ, Ташкентте өткеннен кейін көршілес елге бүкіл Шымкенттік жанкүйерім көшіп келді десем де болады. Дәл бір өз елімде бокстасып жатқандай сезіндім. Жанкүйерлердің қолдауын сезініп, барымды салдым. Ал, Әнұранға келетін болсақ, ол жерде қысқартылып айтылды. Біздер қазақ жанкүйерлерімен бірге аяғына дейін бар дауыспен айтып шықтық. Сол сәттегі сезімді айтып жеткізе алмаймын, көзіме жас келді. Барлығы үшін өте қатты қуаныштымын, рақмет айтамын. Енді Шымкенттің, Қазақстанның атын әлемдік додаларда шығарамын деген мақсатым бар.

***- Махмұд Сабырханның туған жері?***

- Осы Шымкент қаласына қарасты Маятас деген ауылда 2001 жылы дүниеге келгенмін.

Жалғасы 4-ші бетте

# ЖАҢА АУДАННЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМЫ

Шымкент қаласы аумағының кеңеюіне байланысты жаңа аудан құрылды. 2023 жылдың қаңтарынан бастап өз жұмысын бастаған аумақ Шымкенттің батыс бөлігінде орналасып, шекарасы қаланың солтүстік-батыс жағынан Жаңаталап шағынауданынан Үргінбай ата мен Жанкелді батыр көшелерінің қиылысынан басталады. Одан әрі Жанкелді көшесінің бойымен Бадам өзенінің арнасынан оңтүстік-шығыс бағытта Жаңаталап тұрғын алабын, «Игілік» тұрғын алабын, солтүстікке қарай Қорғасын-2 шағынауданын айналып өтіп, Шардара көшесінің қиылысына жетеді.

Жер көлемі 36300 га құрайды. Халық саны — 220 700. 21 елдімекен бар.

Көп қабатты тұрғын үйлер саны - 544, жеке секторлар — 39 357. Олар – Арғымақ ш/а, Ақжар ш/а, Айкөл ш/а, Ақтас ш/а, Ақтас-2 ш/а, Агропром ш/а, Жаңаталап ш/а, Қорғасын-1 ш/а, Қазығұрт ш/а, Құрсай ш/а, К.Маркс ш/а, Наурыз ш/а, Отырар ш/а, Спорт ш/а, Самал-1 ш/а, Кіші Самал ш/а, Түркістан ш/а, 112 орам, №3, №4, №8 шағын аудандары мен орталық аумақтар.

Ауданда 553 көшеде 526 көп қабатты тұрғын үй және 39 357 жеке тұрғын үй бар. Бұдан өзге Тұран аумағында 25 мектеп, 18 балабақша, 6 колледж, 6 денсаулық сақтау мекемесі және 5 саябақ орналасқан.

Ауданның басым бөлігі жеке секторлы үйлерден тұрғандықтан, инфрақұрылым мәселесі өзекті. Дегенмен, жарық, су, көгілдір отын, жол және интернет желісі тартылып, халықты толыққанды қамту жұмыстары жүргізілуде.

Аудан 95,5 пайыз сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Яғни, аудан аумағындағы 20 елді мекен тұрақты түрде сапалы ауыз сумен қамтылған, ал, қалған Құрсай елді мекені — бүгінде ауыз суды кестемен тұтынуда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шымкентке жасаған сапары кезіндегі берілген тапсырмаға сәйкес, Құрсай елді мекенін сапалы ауыз сумен қамту құрылысы II кезең бойынша 2021 жылы басталған.




Бүгінде Құрсай I кезең бойынша, 185,5 шақырым ауыз су құбырының 95,5 %-ы орнатылды. Ал, II кезек бойынша, барлығы 151 шақырым ауыз су құбырының 92 %-ы мәресіне жетті.

Құрылыс жұмысы биыл маусым айында аяқталып, абоненттеу жұмысы жүргізілетін болады. Нәтижесінде, Құрсай елді мекеніндегі 22 мыңнан астам тұрғын сапалы ауыз сумен қамтылады. Яғни, Құрсай елді мекеніндегі құрылыс жұмысы аяқталу нәтижесінде, аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту көрсеткіші 100 %-ға жетеді.

Ал, аудандағы елді мекендердің 99,5 пайызы сапалы электр қуатымен қамтамасыз етілген. Құрсай елді мекенінің жаңақұрылыс аумағын сапалы электр қуатымен қамту мақсатында бүгінде жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрылысы 2023-2024 жылдарға жүргізу жоспарланып отыр.

Көгілдір отын - халық үшін маңызды инфрақұрылымның бірі. Табиғи газ бойынша ауданда 95,5 пайыз халық табиғи газбен қамтамасыз етілген. 2022 жылы Ақтас, Ақтас-2 және Ақжар, Арғымақ елді мекендеріне газ құбырын тарту құрылысы аяқталған. Қазіргі уақытта «ҚазТрансГаз» елді мекені тарапынан газ құбырларына сынама жұмыстары жүргізілуде. Жоспарға сәйкес, жылу маусымына дейін аталған елді мекендерге газ берілетін болады. Ал, Айкөл, Құрсай, Жаңаталап е/м жаңақұрылыс аумағын газдандыру үшін ЖСҚ әзірленуде.

Тұран ауданы 2025 жылы толыққанды табиғи газбен қамтылатын болады.

2023 жылы Тұран ауданы аумағындағы 22 көше жарықтандырылады.

Қазіргі уақытта, Құрсай елді мекеніндегі Аққыстау көшесін жарықтандыру жұмыстары басталды. Маусым айында толық іске қосылатын болады.

Жыл соңына дейін жарықтандырылатын көшелер тізімі:

1. Әбдраимов (Жанаталап ш/а)
2. Ақтас т/а орталық көшесі
3. Народовольцев (112-ш/а)
4. Отырар ш/а Ішкі орам көшесі
5. Ескендіров (кіші Самал ш/а)
6. Әбсеитов (кіші Самал ш/а)
7. Чехов
8. Аққыстау (Қазығұрт ш/а)
9. Балапан Ата (4 ш/а)
10. Спорт ш/а Ішкі орам көшесі
11. Әбдраимұлы (Самал-1 ш/а)
12. Қойбағаров көшелерінде жүргізіледі.
13. Металист — орталық көше
14. Бөгенбай батыр көшесі — Қазығұрт ш/а
15. Мүсірепов көшесі — Қазығұрт ш/а
16. Бақытты көшесі — Қазығұрт ш/а
17. Қызылқұм көшесі — Қазығұрт ш/а
18. Ақтас елді мекеніндегі атауы жоқ көше
19. Айдарқұлов — Жаңаталап е/м
20. Таңатар - Құрсай е/м
21. Аққыстау — Құрсай е/м
22. Қармақшы — Құрсай е/м

***

2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында барлығы 13 балалар ойын алаңшасы салынатын болады.

Қазіргі уақытта Құрсай е/м Құлантөбе көшесінде және Ақтас е/м атауы жоқ көшеде, Бәйдібек би 246 мекенжайында балалар ойын алаңшасының құрылысы басталды. Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың тамыз айында толық аяқталып, пайдалануға берілетін болады.

Ал, жыл соңына дейін Тұран ауданында барлығы 13 балалардың ойын алаңшалары салынатын болады.

1. Құрсай е/м Құлантөбе көшесі;
2. Құрсай е/м Бекболатов көшесі;
3. Құрсай е/м Сатқанбаев көшесі;
4. Құрсай е/м Әулиекөл көшесі;
5. Құрсай е/м Ұзынағаш көшесі;
6. Қазығұрт е/м Оңдасынов көшесі;
7. Отырар ш/а №52;
8. Бәйдібек би көшесі №246;
9. Жарқынбеков көшесі №17;
10. 112 орам;
11. Ақжар елді мекені;
12. Ақтас елді мекені;
13. Арғымақ елді мекені.

Сонымен қатар, биыл Тұран ауданында 10 ашық спорт алаңшалары арнатылатын болады.

Спорт алаңшалары орналасатын аумақтар:

1. Отырар ш/а №15/1
2. Отырар ш/а №41
3. Отырар ш/а №55
4. Отырар ш/а №13
5. Отырар ш/а №11
6. Орманов көшесі №40-42
7. Құрсай елді мекені атауы жоқ көше
8. Құрсай елді мекені Сатқанбаев көшесі
9. Құрсай елді мекені Оңдасынов көшесі
10. Қазығұрт елді мекені Жұлдыз көшесі

# ҚҰРСАЙДА ЖАҢА ЕМХАНАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Халықты сапалы әрі қолжетімді медициналық қызметпен қамтамасыз ету - Мемлекет басшысының басты тапсырмаларының бірі. Сондықтан да мегаполис билігі инвесторларды тарту арқылы медициналық мекемелердің қатарын арттыруда. Бүгінде Тұран ауданы Құрсай шағынауданында тәулігіне 450 адамды қабылдайтын жаңа емхана құрылысы қызу жүріп жатыр. Құрылыс жұмыстарымен бүгін арнайы ұйымдастырылған пресс-турда журналистер танысты.

Нысан құрылысы 100 пайыз жеке инвестиция есебінен салынып жатыр. Бас мердігер — «Hi-tech building» ЖШС. Жеке инвестор Балтабай Асанов жаңа нысанды 2024 жылдың I тоқсанында тапсыру жоспарда екенін мәлімдеді.

Аудан әкімі Боранбай Болатбеков құрылыс жұмыстарының сапасы басты назарда екенін атап өтті.

Іргесі жуырда қаланса да жаңа ауданда атқарылып отырған жұмыстар қатары көп. Әсіресе әлеуметтің күнделікті тұрмыс-тіршілігіне керекті бағытындағы жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Дәл осы қарқынмен жұмыстар атқарылып жатса, көп ұзамай халықтың өмір сүру сапасы едәуір артатыны сөзсіз.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# ЖОЛДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ

Шымкент қаласында ұзындығы 16 шақырымды құрайтын Оңтүстік айналма жолының құрылысы жүргізілуде. Аталған нысан Шымкент қаласы аумағы арқылы қатынайтын транзиттік және басқа да автокөліктердің айналма жолмен қатынап, қала аумағындағы көлік кептелісін сейілтуге және көлік қозғалысының қауіпсіздігіне септігін тигізбек. Қаланың оңтүстік бағыттағы жалғыз кірме-шығыс жолына жүктемені азайту мақсатында 15,5 шақырымдық Қонаев даңғылының жалғасы салынып жатыр. Нысанның құрылысы 6 кезеңнен тұрады. Сонымен қатар, Шығыс айналма, тегенов, Адырбеков көшелері, Темірлан тас жолының бойында жолаушылар өткелін салу жұмыстары да қарқын алған. Ташкент – Алматы бағытында қаланы айналып өтетін негізгі магистралды А-2 автомобиль жолын қайта жаңарту жұмыстары да қызу жүріп жатыр. Аталған жол 31 шақырымды құрап, құрылысы 8 кезең бойынша атқарылады. Қазірге дейін 1-ші және 3-ші кезең құрылыс жұмыстары және Бадам өзенінен өтетін көпірдің құрылысы аяқталған. Осы жылдың соңында дейін қалған 2-ші және 4-ші кезеңді толығымен аяқтау жоспарланып отыр. Мамандардың сөзіне сүйенсек, биыл Шымкентте жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 71,2%-ға жеткізу жоспарлануда. Жалпы Шымкент қаласының аумағына кіретін жолдардың жалпы ұзындығы 3247,6 шақырымды құрайды. Оның ішінде, қаланың магистралды және ішкі орам көшелерінің 2066,1 шақырымы асфальт жол. Бұл жолдардың асфальт үлесімен 63,6% пайызды құрайды. Ал қала меншігіндегі 1024 шақырым жол, яғни 31,5% пайызы шағал тас төселген көшелер. 2022 жылдың қорытындысымен қала аумағындағы жолдар мен елді мекендердің көшелеріне жол құрылыс жұмыстар 287,8 шақырымға жүргізілді. 2023 жылы 256,8 шақырым жолға құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Ал, жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 2022 жылы 67,4% пайызды құрады. Бұл көрсеткішті 2023 жылы 71,2% пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Қонаев даңғылының жалғасына келсек Негізінен нысан көлік кептелісін азайтып қана қоймай, жол бойындағы елдімекендерде шағын кәсіпкерліктің дамуына да ықпал ететін болады. Қала әкімі М.Әйтенов айналма жолдың құрылыс жұмыстарымен танысты. Айналма жолдың құрылысы Ленгір тас жолынан бастап КХ-15 облыстық маңызы бар автожолына дейінгі аралықты қамтиды. Жоба бойынша көшенің ені 9 метрді құрайды. Осыған дейін жол құрылысының 50 пайызы орындалған. Шымкент-Ташкент жолында қиылысатын бөлігінде көпір салынып, жолдың негізі дайындалған. Қала әкімі жауаптыларға жол құрылысы барысында туындаған өзекті мәселелерді шұғыл шешіп, жұмыстарды сапалы жүргізуді тапсырды. Жалпы Шымкенттің оңтүстік бағытындағы жалғыз кірме-шығыс жолындағы жүктемені азайту мақсатында 15,5 шақырымдық Қонаев даңғылының жалғасы салынуда. Бүгін қала әкімі Мұрат Әйтенов мегаполистің транзиттік әлеуетін арттыратын нысанның құрылыс жұмыстарын қадағалады. Нысан 6 кезеңнен тұрады. Қонаев даңғылы жалғасының 5-ші кезеңі Бадам өзенінен Әскери бөлімінің тұсына дейінгі аумақты қамтиды. Бұл аралықтың ұзындығы — 4,7 шақырым, ені — 42 метр, 6 жолақты. Ал, нысанның 6-шы кезеңі Әскери бөлімнің тұсынан ПК-132 дейінгі аралық, бұл кезеңнің ұзындығы — 8,5 шақырым, ені — 15 метр, 4 жолақты. Қазір мұнда бригадалар жер төсемелерін салып, жер асты темірбетонды құбыр орнатуда. Мұрат Дүйсенбекұлы жауаптыларға Бадам өзенінен өтетін көпірді Саттарханов көшесімен қосу жұмыстарын аяқтауға 3 ай мерзім берді.



**Мақсат ТОҚСАНБАЙ.**

# ҚАРАТАУДЫҢ ҚАРҚЫНЫ

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов Қаратау ауданының тұрғындарымен кездесті. Жиын барысында ауданның инфрақұрылым жайы, 2025 жылға дейінгі экономикалық-әлеуметтік даму көрсеткіштері қозғалды.

Қаратау ауданындағы халық саны бүгінде 213 мыңнан асады. 18 елдімекенде 494 көпқабатты тұрғын үй, 29 762 жеке секторлы үй, 595 көше бар. Аудан халқы ауызсумен 98 пайыз, электр жарығымен 98 пайыз, табиғи газ бен 96 пайыз қамтылған.

Сайрам елдімекені және Қызылсу тұрғын алабы ауызсуды кестемен тұтынатындықтан, биыл бұл мәселе шешімін табатын болады. Яғни, 2023 жылға аудан халқын ауызсумен 100 пайызға қамту жоспарланған. Айта кетейік, Бозарық саяжайының жаңа құрылыс аумағын ауыз сумен қамту жұмыстары да биыл жүргізіледі.

Сондай-ақ, ауданды 100 пайыз электр қуатымен қамту жұмыстары да биылға жоспарлануда.

Мәселен, былтыр Тұран, Қайнарбұлақ, Достық, Асар-2, Нұртас шағын аудандарына тоқ көзі жеткізілсе, биыл Бозарық саяжайының жаңа құрылыс аумағындағы 1200 абонент электр жарығына жалғанады. Бұл Қаратау ауданы толық электр жүйесімен қамтылады деген сөз.

Табиғи газ құбырына келсек, биыл 15 мыңнан аса тұрғыны бар Тассай елдімекенімен бірге Бозарық саяжайының жаңа құрылыс аумағы табиғи отынға қол жеткізеді.

Жалпы аудан халқын толық 100 пайыз газбен қамту 2025 жылға межеленген. Жоспарға сай, Шапырашты, Таскен, темір, Қызылсу елдімекендеріне газ тартылатын болады. Ал 2025 жылы Достық тұрғын алабы, Мәртөбе, Мирас елдімекендерін қамту басты назарда.

Қаратау ауданы тұрғындарымен кездесу барысында қала әкімі Мұрат Әйтенов биыл Тұран, Тассай, Мирас шағынаудандарына кәріз жүйесі жүргізілетінін айтты. Жыл соңына дейін осы бағытта 4 жобаның құрылысы аяқталып, Тұран, Тассай, Мирас елдімекендеріне кәріз жүйелері тартылады. Нәтижесінде 40 мыңнан аса абонент канализацияға қосылуға мүмкіндік алады.

Қазір ауданның кәріз желілерімен қамту көрсеткіші 57,9 жетіп отыр. Жоспар бойынша 2025 жылы елдімекендердің 65 пайызын орталықтандырылған канализациялық жүйеге қосу жоспарлануда.

Қазіргі таңда Шымкенттегі 81 шағын ауданның 24-і, 713,5 мың абонент кәріз жүйесімен қамтамасыз етілген. Қалада 2 магистральды кәріз коллекторының және 9 ішкі орамдық жүйенің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Биыл жыл қорытындысымен қала аумағында 6 нысанның құрылыс жұмыстары аяқталып, нәтижесінде 60 мыңға жуық адам орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылуға мүмкіндік алады. Бұл қамту көрсеткішін 60 пайыздан 75 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.






Шымкенттің жалпыөңірлік ішкі өнімі 2020 жылы 2 триллион 432 миллиард теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 3 триллионға жетті. Биыл 3,1 триллион теңгені құрайды деген болжам бар. Бұл туралы қала әкімі Мұрат Әйтеновтің Қаратау ауданы тұрғындарымен кездесуінде айтылды.

—Қала экономикасының өнеркәсіп, кәсіпкерлік, құрылыс, сауда, қызмет көрсету мен ауыл шаруашылығы секілді барлық негізгі секторларында тұрақты өсу динамикасы байқалды. Соның арқасында қаламыздың жалпыөңірлік ішкі өнімі 2020 жылы 2 триллион 432 миллиард теңге болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 3 триллионға жетті. Биыл 3,1 триллион теңгені құрайды деген болжам бар, — деді Мұрат Дүйсенбекұлы.

Көрсеткіштің өсуіне әсер ететін сектордың бірі — өнеркәсіп. Бүгінде қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары негізінен 5 өндірістік аймақта орналасқан. Жаңадан 3 индустриалды аймақ ашып, 2 аймақты кеңейту жоспарлануда. Биыл «Жұлдыз» және «Бозарық» индустриалды аймақтарының инфрақұрылым желілерінің құрылысы аяқталады.

Қаратау ауданындағы Қайнарбұлақ елдімекенінде 60 мыңнан аса халық қоныстанған. Қазір аталған елдімекенде бірнеше инфрақұрылым жүйесі қатарынан тартылуда. Бүгін қала әкімі Мұрат Әйтенов Қайнарбұлақтағы осы инженерлік-инфрақұрылымдық жұмыстардың жай-күйін білу мақсатында нысандарды аралауға шықты.

Айта кеткеніміз жөн, Қайнарбұлақта ауыз су кесте бойынша шектеулі уақытпен беріледі.

Сондықтан Қайнарбұлақ елді мекенін таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жалпы ұзындығы 329 шақырымды құрайтын ауыз су жүйелері жүргізілуде. Бүгінге дейін мұнан бөлек 170 шақырым құбыр тартылып жұмыстың 75%-ы орындалған. Биылғы жылдың соңына қарай жобаны толық аяқтау межеленген. Қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы мердігер мекемелерге жұмысты ширатуды, әрі соған сай сапалы орындауды тапсырды.

Сондай-ақ, Қайнарбұлақ елдімекенінде электр қуатын тарату бекетіндегі 35 трансформатор бойынша 50 шақырым электр желісінің құрылысы аяқталды. Нәтижесінде жаңақұрылыс аумағында 2 760 абонент сапалы электр жарығына қосылуға мүмкіндік алды. Қазір мұнда абонеттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл нысандар іске қосылған жағдайда Қайнарбұлақ электр қуатымен 100% қамтылады.

Жалпы қала аумағында шағынаудандарды сапалы жарықпен қамту бойынша қосалқы стансаның және 4 нысанның құрылыс жұмыстары қолға алынған. Жыл соңына дейін электр қуатымен қамту көрсеткішін 98%-дан 99 %-ға жеткізіледі.

Сонымен бірге Қайнарбұлақ елдімекенін табиғи газбен қамту жұмыстарын «Отау Строй» ЖШС-і мойнына алған, қазір мердігерлік мекеме тарапынан құрылыс кестеге сай жүргізілуде. Елдімекенге табиғи газ құбырын тарту жұмыстарының жобасы ауқымды болуына орай газдандыруды 2024 жылы аяқтау жоспарланған.

**Аруна ПЕРНЕБЕК.**

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕДЕ ШЫМКЕНТ ТУРИЗМІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Осы тұста Qazaqstan Live Fest 2023 халықаралық көрмесі өтті. Астана қаласында өтіп жатқан бұл көрме Қазақстанның әр өңіріндегі туризм саласының қалай дамып келе жатқанын көрсетеді. Соның ішінде Шымкент қаласы туристік әлеуеті жыл сайын артып келе жатқан мегаполистер қатарында. Жалпы туристерді қабылдау көрсеткіші бойынша Шымкент қаласы республикада Алматы мен Астана қалаларынан кейінгі үшінші орында.

Көрме аясында Шымкент қаласының «Visit Shymkent» туристік ақпараттық орталығы, «Amanat» дизайнерлік киімдер бренді, «Dora» және «Graf» қонақ үйлері және «OCA travel» және «ShymTour» туристік-компаниялары шаһардың әлеуетін таныстырды.

Ал, туристердің келуіне басты себеп, Шымкент қаласынан тікелей бағыттағы әуе рейстердің көбеюі әсер етеді. Мегаполисте ішкі және халықаралық, маусымдық тұрақты рейстер жанданады. Шымкент қаласының әкімдігі және FlyArystan әуе компаниясы Шымкенттен ұшатын жолаушылар үшін әуе тасымалының қолжетімділігін арттыруға бағытталған шарттармен таныстырып өтті.

Шымкент әуежайы бюджеттік әуекомпанияның бес хабының бірі болып табылады.

Сондықтан әуекомпания басқа қалалармен авиациялық байланыстың сапасын арттыру мақсатында еліміздің ең шуақты қаласынан көбірек рейстер ашуды жалғастыруда.

Жазғы кезеңге Шымкенттен Қостанайға, Ақтөбеге, Семейге және Атырауға, сондай-ақ, грузиялық Кутаисиге дейінгі жазғы маусымдық маршруттар қалпына келтіріледі. Сонымен қатар Алматыға, Астанаға, Ақтауға және Шымкент-Дели-Шымкент жаңа бағыты бойынша тұрақты рейстер қазақстандықтарға қолжетімді бағамен мобильді болып қалуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта билеттерді ерте брондау арқылы, екі халықаралық бағытқа — Кутаиси мен Делиге, біржақты билет құны 55 және 70 АҚШ долларынан басталып алуға болады. Тікелей халықаралық рейстерден басқа, Астана арқылы да басқа шетелдік қалаларға жетуге болады. Мәселен, Бакуға аптасына 2 рет, Анкараға аптасына 2 рет.

Сонымен қатар шымкенттіктер Ақтау арқылы Баку, Ереван және Ыстамбұлға сапарларын жоспарлай алады. Бұл рейстер Ақтау арқылы аптасына 1-2 рет орындалады. Осылайша Шымкент қаласына жету әуе жолы бойынша жеңіл болмақ.

Статисикаға көз жүгіртсек, 2019 жылы шаһарға келушілердің саны 249 313 адамды құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 140,1%-ға жоғарылаған.

3 кезеңінде келуші туристердің саны 2020 жылы ғана төмен болды. Оған бүкіл әлемде орын алған Covid-19 әсерінен, қалада карантиндік шектеудің енгізілуімен байланысты.

2022 жылдың 12 айында қалаға келушілер саны 448 797 адамды құрап, 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (316 832 адам) 141,6%-ға ұлғайған.

- ішкі туризм бойынша келушілер саны (резиденттер) 412 268 адам, өткен жылмен салыстырғанда (302 704 адам) 136,2%-ға артып отыр.

- кіру туризмі бойынша келушілер саны (резидент еместер) 36 529 адам, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (14 128 адам) 2,5 есеге ұлғайған.

Шет елден келген туристердің алғашқы ондығы:

1. Ресей федерациясы (16 110 адам)
2. збекстан Республикасы (6 624 адам)
3. Қырғызстан Республикасы (3 682 адам)
4. Түркия Республикасы (2 372 адам)
5. ҚХР (1 532 адам)
6. АҚШ (563 адам)
7. БАӘ (381 адам)
8. Беларусь Республикасы (368 адам)
9. Тәжікстан Республикасы (336 адам)
10. Германия (326 адам)

Статистикалық ақпаратқа сәйкес 2022 жылдың 12 айы бойынша орналастыру орындарында 542 773 төсектәулік ұсынылып, 2021 жылмен салыстырғанда (436 042) 124,5%-ға артып отыр.

Төсек-орын (бір жолғы сыйымдылық) саны — 5 516 бірлікті құрап, 2021 жылмен салыстырғанда (5 398 бірлік) 102,2%-ға артып отыр.

Орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі 2022 жылдың 12 айында 8 107 632,3 мың теңгені құрап, 2021 жылмен (5 232 079,1 мың теңге) салыстырғанда155%-ға жоғарылаған.

Қонақ үй қызметкерлерінің орташа тізімдік саны —1 072 (ерлер-401, әйелдер-671) құрайды.

Республикалық көрсеткішке сәйкес, қалаға келген туристер саны бойынша Шымкент қаласы 3 орында. Оның ішінде:

- резиденттер (ҚР азаматтары) бойынша 4 орын;
-резиденттер еместер (шет ел азаматтары) бойынша 4 орында.

Бүгінгі күні Шымкент қаласында 142 орналастыру орны, 9 саябақ, 7 мұражай, 25 әлеуметтік-мәдени нысан, 5 театр, 12 сакралды нысан, 11 сауда, ойын-сауық орталығы,5 діни нысан, 18 аквапарк және 4 табиғи су көзі орналасқан. Аталған нысандардың барлығы дерлік қалаға келетін туристерге қызмет көрсетеді.

Qazaqstan Live Fest 2023 халықаралық шарасында туризм және қонақжайлылық мәселелеріне байланысты екі негізгі блоктан тұратын Travelhub Kazakhstan конференциясы өтті. Бұл іс шара Шымкент қаласының еліміздегі ірі туристік орталықтардың бірі ретінде қалыптасуына септігін тигізіп, кең мүмкіндіктерге жол ашады.

**Ақерке ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ.**

# ШЫМКЕНТ ПЕН СИАНЬ БАУЫРЛАС ҚАЛАЛАР АТАНДЫ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Саммит барысында Президент энергетика саласында, соның ішінде мұнай-газ секторындағы қарым-қатынасты дамытуға мол мүмкіндік бар деп есептейді. Қазақстан мұнай экспортын көбейтуге мүдделі. Сол үшін «Қазақстан — Қытай» мұнай құбырының тасымал мүмкіндігін арттыруды жоспарлап отыр.

— Қолданыстағы құбырлардың, яғни «Атырау-Кеңқияқ» және «Кеңқияқ-Құмкөл» құбырының мұнай тасымалдау мүмкіндігін арттыру мәселесі де күн тәртібінде тұр. Қазір мұнай өнімдерін тұтыну көлемі ұдайы өсіп келеді. Сондықтан Шымкент мұнай өңдеу зауытынан шығатын өнім көлемін жылына 6 миллион тоннадан 12 миллион тоннаға дейін көбейтуді көздеп отырмыз. Газ өңдеу қуатын арттыру және газ тасымалдау жүйесін жетілдіру Қазақстан үшін басым бағыт саналады. Біз үшін «Бейнеу — Бозой — Шымкент» магистральді газ құбырының екінші тармағын салу өте маңызды. Қашаған кенішінде жылына 4 миллиард текше метр газ өңдейтін зауыт құрылысына да баса мән береміз. Қытайлық достарымыз аймақтағы осы маңызды жобаларға қолдау көрсетуді жалғастырады деп сенеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Ресми шара аяқталғаннан кейін Орталық Азия мен Қытай басшылары Халықаралық конференция орталығының алдында ағаш отырғызу шарасына қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қытайға мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Республикасының Сиань қаласындағы Бас консулдығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Президент консулдық ғимаратында Қытайға жасаған мемлекеттік сапарын қорытындылап сөз сөйледі.

—Төраға Си Цзиньпинмен өте мазмұнды келіссөздер жүргіздік. Сондай-ақ бірлескен мәлімдеме жасалды, бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды. Шын мәнінде, бұл сапар қазақ-қытай ыкпалдастығының «30 жылдық алтын дәуірін» бастады деуге болады. Әрине, бұл сапардың мән-мағынасы ерекше. Бүгін — Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы үшін тағы да бір аса маңызды әрі тарихи күн. Біз Сиань қаласында Қазақстанның Бас консулдығын ашқалы тұрмыз. Бүгінде Сиань — «Бір белдеу — бір жол» экономикалық белдеуінің маңызды бекеті. Шэньси өлкесі және Сиань қаласы Қазақстанмен тығыз байланыс орнатқан. Солтүстік Қазақстан облысымен және Шымкент қаласымен бауырластық қатынас туралы келісімге қол қойылды. Бұл шаралар екі ел арасындағы барыс-келісті жандандыра түсері сөзсіз. Бас консулдық осы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға үлес қосады деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Бас консулдықты қысқа мерзім ішінде ашуға қолдау көрсеткені үшін Қытай тарапына ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Сианьда Бас консулдық ашу туралы тиісті жарлыққа 2022 жылы 5 қарашада қол қойған еді. Еліміздің дипломатиялық өкілдігі жұмыс істейтін округке 246 миллион халқы бар Шэньси, Ганьсу, Сычуань, Хубэй провинциялары, Нинся-Хуэй автономиялық ауданы және орталыққа тікелей бағынатын Чунцин қаласы кіреді.

Консулдық ғимаратында дипломаттармен қатар Қазақстанның экономикалық мүддесін ілгерілету үшін ұлттық компаниялардың өкілдіктері де орналастырылады.

Бас консулдықтың ашылу рәсіміне ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі, Сыртқы істер министрі Цинь Ган қатысып, Қытай үкіметінің құттықтауын жеткізді. Қытайлық дипломаттың айтуынша, Сиань қаласында Қазақстанның Бас консулдығының ашылуы екі елдің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтерілгенін білдіреді. Қазақстан — Қытайдың Шэньси провинциясында өзінің дипломатиялық өкілдігін ашып отырған Орталық Азиядағы жалғыз ел.

Жалпы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға мемлекеттік сапары аясында құны 22 миллион доллар болатын 47 құжатқа қол қойылды.

**Шолушы.**

# М.ӘЙТЕНОВ: «ҚАЛАМЫЗ ТАҒЫ БІР САЯБАҚПЕН ТОЛЫҒАДЫ»

Шымкент қаласының әкімі М.Әйтенов бүгін Shymkent City шағын ауданында болып, мұнда жаңадан салынатын саябақ құрылысының жоба-



сымен танысты. Жалпы жаңа қалашықтың аумағы 20,4 гектар жерді алып жатыр. Бүгінде шағын ауданды инфрақұрылыммен қамту жұмыстары толық жүргізілуде.

Бұған дейін «Shymkent City» аумағының даму жоспарына 15 инвестор тартылып, тұрғын үй құрылыстары қарқын алды. Сондай-ақ, заманауи ғимараттар, бизнес кеңселер, әкімшілік-іскерлік орталықтар салуға сырттан да инвестициялық жобалар тартылған.

Сонымен қатар мұнда жеке инвесторлардың қаржыландыруымен жаңадан 300-ге жуық көп қабатты тұрғын үй, әрқайсысы 1200 орындық 3 мектеп, балабақшалар, емхана, саябақ және конгресс-холл құрылыстары жүргізілуде.

Саябақ құрылысына келсек, нысанда көгалдандыру алаңы 164 000 шаршы метрді құрайды. Мұнда 53 балалар ойын алаңшасы, 19 спорттық алаң орналасатын болады.

Сондай-ақ, 2,8 шақырымдық веложол, жасанды көл салынып, 5 мыңнан аса ағаш көшеті, 7 мыңнан аса гүл, 6 мың бұта егу жоспарланған. Қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы қала келбеті тағы бір саябақпен көмкеріле түсетінін, қаланы жасыл желекке бөлеу арқылы шаһар тынысы ашыла түсетінін айтып өтті.

Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# «ШАҢЫРАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ

Шымкент қаласында мемлекеттік бағдарлама "Шаңырақ" бағыты бойынша конкурс өткізіледі. Аталған бағдарламаға қатысуға өтініштерді қабылдау мерзімі 23.05.2023 жылдан бастап сағат 10:00-ден 31.05.2023 жылдың 19:00-ге дейін жүргізілетін болады. Конкурстық пәтерлер Тұран шағын ауданында орналасқан 9 қабатты тұрғын үйлерде орналасқан 1,2 және 3 бөлмелі пәтерлер. Шаңырақ бағдарламасына тұрғын үй кезегінде тіркелген барлық санаттағы азаматтар қатыса алады. Бағдарлама бойынша 10% бастапқы жарнаны толтырып, жылына 5% мөлшермен 20 жылға несие алуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, аталған бағыт шеңберінде тұрғын үй сатып алу барысында банк мақұлдауын алғаннан кейін ипотекалық тұрғын үй қарыздарының бастапқы жарнасының бір бөлігін жабу үшін өтінім жолдай алады. Конкурстық іріктеу мерзімі Отбасы банкпен төлем қабілеттілігін бағалау брондау мерзімі аяқталғаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Айта кетейік, Шымкент қаласында 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй кезегіндегі 65 отбасы арендалық баспанамен қамтылды. Оның ішінде 50 пәтер көпбалалы отбасыларға, 15 пәтер халықтың әлеуметтік әлсіз тобындағы толық емес отбасыларға, 1 және 2 топ мүгедектігі бар азаматтарға берілді. Пайдалануға берген жаңа баспаналар 189 орамда орналасқан. Биылғы жылы тұрғын үй кезегіне санаттар бойынша тіркелген азаматтарға 324 пәтер, жастарға 888 пәтер, несиелік бағытта 2037 пәтер берілу көзделіп, оның ішінде қазіргі таңда 902 азамат 5-20-25, 2-10-20 «Бақытты отбасы» бағдарламалары бойынша қамтылды. Сондай-ақ, Шымкентте мемлекеттік жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар арқылы баспаналы болған тұрғын үй кезегіндегі 145 отбасыға тұрғын үй сертификаты берілді. Қайтарымсыз негіздегі әлеуметтік көмекті алушылар қатарында 60 көпбалалы отбасы, 13 толық емес отбасы, 68 ерекше бала асыраушы отбасы бар.

Мегаполис тұрғындарын баспанамен қамту мақсатында қала әкімінің тапсырмасына сәйкес тұрғын үй құрылысын 1 млн шаршы метрге жеткізу көзделген. Құзырлылар қалада әлеуметтік несиелік тұрғын үй санын көбейту мақсатында 2026 жылға дейін бюджет есебінен 1 миллион шаршы метрді құрайтын тұрғын үй салынатынын айтады. Қалада әлеуметтік тұрғын үйге сұраныс жоғары. 2022 жылы 198 623 адамды құрады. Оның ішінде 150 мың адам әлеуметтік несие алуға өтініш берген «Отбасы банк» салымшылары болса, 48 623-і әлеуметтік жалдамалы тұрғын үй алу үшін баспана кезегінде тұрған азаматтар. Алдағы 5 жылда осы санаттағы үйлердің шаршы метрін 1 миллионға, яғни, 38 264 пәтерге жеткізу көзделуде. 2022 жылы мемлекеттік бағдарлама есебінен 173 мың шаршы метрден астам баспана пайдалануға берілді. Ал 2021 жылы барлық қаржы көздерінің есебінен қалада 1 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Соның ішінде 140 мың шаршы метрі әлеуметтік үй еді.

**Салтанат РҮСТЕМБЕК.**

# ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ МАХМҰД САБЫРХАНҒА ПӘТЕР ТАБЫСТАЛДЫ

*(Жалғасы. Басы 1-бетте)*

***- Бала кезіңізден бері спортқа қызығасыз ба?***

- Менің әкем де спортшы, тек күрес түрінен. Ағам және інім үшеуміз кішкентайымыздан үйде күресуді үйрететін. Бір күні ауылымызда мектеп салынып, ішінен бокс үйірмесі ашылды. Сол үйірмеге барайын деп шешім қабылдап, қатыстым. Сол уақыттан бері 1-2 жарыстарға барып медаль тағып келгеннен кейін боксқа деген қызығушылығым артты. зіме мен боксшы боламын, үлкен дәрежеге жетемін деп уәде бердім.

***- Иә, ауылдың қара баласы көк туды желбіретті, әнұранды шырқатты. Бұл екінің біріне беріле бермейтін бақ. Бұл бақ сізге бұйырды. Жалпы сізді қолдаушыларға айтар тілегіңіз және болашаққа арман-мақсаттарыңыз қандай?***

- Барша қазақ еліне жанкүйер болып жатқандарыңызға рақмет айтамын. Бокстасқан кезде мен оның бәрін сезіндім. Мен үшін дұғада екендерін айтып жатыр. Аллаға шүкір, мен өте қуаныштымын. Алла қаласа, сенімдеріңізді ақтаймын. Ендігі, мақсатым олимпиада. Сол олимпиаданың алтын жүлдесін қанжығама байлап қайту.

Спортшының бақыты - өз жеңісімен еліміздің қыран бейнелі көк туын желбірету, әнұранын асқақтатып әлемде шырқау. Махмұд Сабырхан осы ғаламат сәтімен Ташкентте аяқталған жаһан біріншілігінде мемлекеттік Әнұранымызды шырқатып, көк туымызды аспанда желбіретті.Алда талай белестері бар рухы мықты жігіттерімізге тек сәттілік тілейміз.

**Мақсат ТОҚСАНБАЙ.**



# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ - ҚЫТАЙ КОМПАНИЯЛАРЫМЕН МЕМОРАНДУМДАР ЖАСАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бастаған делегация Қытай Халық республикасына жасаған жұмыс сапары аясында бірқатар маңызды келісімшарттарға қол қойды. Атап айтқанда, Үрімші қаласында қазақстандық «Tulpar Textile» ЖШС-і мен қытайлық «Xinjiang Zhongfu Textile Co.Ltd» компаниясы арасында тоқыма жабдықтарын шығару бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Инвестиция көлемі 22 миллион АҚШ долларын құрайды.

Түркістан облысы делегациясының Қытай сапарына ҚР-ның Қытайдағы елшілігі, Қытай Халық Республикасындағы Шанхай қаласындағы Қазақстанның Бас Консулдығы қолдау көрсеткенін айта кеткен жөн.

Қытай сапары аясында электромобильдерді көтерме сату (тарату) бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы негіздемелік келісім жасалды. Қазақстанның «From My Garden» ЖШС мен қытайлық «FAW Hongqi Automobile Sales Co. Ltd» және «Xinjiang Silu Linghang Automobile Import and Export Co. Ltd» компаниялары бірлесіп, пилоттық жобаны қолға алады. Осылайша «Hongqi Automobile» (Қазақстан) брендімен «Automobile Import and Export Co.Ltd.» компаниясы құрылды. Жарғылық капиталы 10 миллион АҚШ долларын құрайды.

ҚХР-дың Чжэцзян провинциясы, Ханжоу қаласында Қазақстанның «MEGA-AGAT» ЖШС және қытайлық «Zhejiang Navas Industry and trade Co.LTD» арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Құжат аясында 10 миллион АҚШ доллары көлеміндегі инвестиция арқылы радиаторлар, газ қазандықтары, жылы еденге арналған коллекторлар өндірісі жүзеге асырылады.

Чжэцзян провинциясы, Иу қаласында өткен келіссөздер негізінде Қазақстанның «From My Garden» ЖШС мен «Yiwu Yilinnuo Sanitary Ware Co.Ltd.» арасында инженерлік сантехника өндірісі бойынша келісім жасалды. «Yiwu Yilingnuo Sanitary Ware Co.Ltd» — сантехника саласындағы жетекші кәсіпорын. «Бір белдеу — бір жол» бағдарламасы бойынша нарықты одан әрі кеңейту және сауда-саттықты дамыту жолдары сараланды.

Сонымен бірге «From My Garden Co.Ltd» және «Zhejiang Shangrong Cultural and Creative Co., LTD» арасында келісімге қол жеткізілді. Бұл — Иу қаласындағы ойыншықтар индустриясындағы жетекші кәсіпорын. Келісімшарт «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасы бойынша жүзеге асып, Түркістан өңірінде балаларға арналған ойыншықтар өндірісі қолға алынады.

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бастаған делегация ыдыс-аяқ шығаратын ірі кәсіпорын басшыларымен келіссөздер жүргізіп, қазақстандық компания мен «Yiwu Chuangyi Kitchenware Co.LTD» арасында сауда ынтымақтастығы туралы келісім түзілді.

Сонымен қатар Иу қаласындағы «Yiwu Discovery Import & Export Co., LTD» компаниясымен құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар шығару бойынша келісім жасалды.

Жалпы, Түркістан облысы делегациясының жұмыс сапарында қытайлық компаниялармен байланыс нығайтылып, келісімдер жасалды. ңірде инвестиция көлемін арттыру, жұмыс орындарын көбейту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Шолушы.

# ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ



Жазғы шомылу маусымында Түркістан облысындағы өзен-көлдер мен су айдындарында, бассейндерде қауіпсіздік шаралары күшейтілуі керек. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды аппарат мәжілісінде осы мәселеге тоқталып, жауаптыларға тапсырмалар берді.

— Күн жылынған соң жұрт елді мекендерде шомылу маусымын бастап кетті. Балалар шомылып жүр. Ауыл-аймақтарда, қалаларда қауіпсіздік шараларын күшейтіңіздер. Ата-аналар да балаларына жауапты екенін қаперлерінде ұстағаны жөн. Бұқаралық ақпарат құралдарында бейнероликтер, жадынамалар көрсетілсін. Соңғы 3 жылда суға кеткен жағдайларға талдау жасап, суға кеткен жағдайлар көп тіркелген орындарда ескерту белгілерін орнату қажет. Шомылуға арналған арнайы орындар ашып, құтқарушылармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдансын. Кішкентай балаларға қауіпсіз бассейндерді көбейту, оларды жүзуге үйрету мәселесі бойынша да ұсыныстар беріп, жобаларды қарастырып шығу керек, — деді Дархан Сатыбалды.



Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрғали Жүнісовтің айтуынша, жыл басынан бері облыс аумағында 20 адам суға кеткен. Оның 15-і — ата-аналарының қараусынсыз қалған жас балалар.

Облыста жалпы 4334 су нысаны бар. Олар: 42 су қойма, 149 ірі және кіші өзендер, 25 көл, 2870 канал және 1248 қашыртқы. Осыған байланысты су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспары бекітіліп, бақылауға алынған.

Қазіргі таңда өңірде 11 коммуналдық жағажай ашу орындары белгіленген. Олар: Арыс қаласы — 3, Сауран — 2, Шардара — 3, Отырар — 1, Бәйдібек — 2. Аймақта 111 шомылуға қауіпті учаске тіркеліп, онда 370 дана шомылуға тыйым салу белгілері орнатылған.

Мамандардың айтуынша, соңғы жылдары атқарылып жатқан шаралар судағы қайғылы жағдайларды төмендетуге септігін тигізуде. Атап айтатын болсақ, арнайы шомылатын орындары жоқ аудандарда модульді-каркасты бассейндер сатып алынып, елдімекендерге орналастырылып, балалардың тегін және қауіпсіз шомылуына мүмкіндіктер жасалды. Бұл жұмыстар Арыс қаласы және Ордабасы, Шардара және Жетісай аудандарында ғана жүргізілді және сол аудандарда адамдардың суға кету деректері азайып отыр. Жалпы 12 млн. теңгеден астам қаржыға 43 каркасты бассейн сатып алынған.

Облыс әкімі басқа аудан, қала әкімдеріне де осы бағытта жұмысты жандандыруды тапсырды.

Жалпы облыста 85 бассейн бар. ткен жылы 33 жекеменшік бассейні бар кәсіпкерлермен меморандум түзіліп, әлеуметтік тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардың 5000-ға жуық баласын ақысыз суға шомылдыру жұмыстары жүргізілді. ірде судағы қауіпсіздік бойынша үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

